



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №20 (1888) 29 МАМЫР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Ислам әлемінің ғылыми әлеуеті зор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ислам ынтымақтастығы ұйымы – 15 диалог платформасы» тақырыбында ұйым министрінің бірінші кездесуі өтті. Халықаралық мұсылман ұйымы бүгінде 57 елдің басын біріктіріп отыр.



тығы ұйымына мүше елдердің ғылыми әлеуетін біріктіру, ортақ ғылыми зерттеулерді іске асыру, ортақ кадрлар даярлау, тәжірибе алмасу, ислам елдерінің рухани-гуманитарлық байланыстарын кеңейту, жаңа ғылыми бағыттарды анықтау», – деп атап өтті ректор.

Жиында ИЫҰ-15 диалогтық платформасының қағидаттары мен жұмыс рәсімдері талқыланды, ИЫҰ-ға мүше елдердің және ынтымақтастық салаларының бастамалары қаралды.

Ислам ынтымақтастығы ұйымы министрінің бірінші кездесуі аясында қонақтар ҚазҰУ инфрақұрылымымен танысты.

Гүл БАЯНДИНА

Ауқымды іс-шараға Әзірбайжан, Камерун, Индонезия, Иран, Марокко, Түркия, Катар, Иордания, Индонезия, БАӘ, Сауд Арабиясы және т.б. елдердің өкілдері қатысты.

Конференция жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтау сөзбен ашты. Министр қонақтарға Қазақстанның ғылымды дамыту мақсатында қабылдап жатқан шаралары туралы айтып берді.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев: «Ислам ынтымақтастығы ұйымы министрінің бірінші кездесуінің ҚазҰУ-да өтуі біз үшін үлкен сенім мен биік мәртебе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше елдер үшін білім беру мен ғылыми зерттеулер сапасын арттыру өте маңызды. Ислам әлемінің ғылыми әлеуеті зор. Алайда адам капиталын дамытуда, әсіресе сапалы білім беру ісіндегі инвестициялардың көлемін арттыру қажет», – деп атап өткен болатын.

Соңғы кездері мұсылман мемлекеттерінің саяси-экономикалық қарым-қатынастарымен қатар, білім, ғылым, мәдениет саласындағы байланыстарға ерекше басымдық беріліп келеді. Бүгінгі жиынның мақсаты – Ислам ынтымақтас-



Біліктілікті арттыру – білімге ұмтылу

3-бет



Ұстазымыз ұшқыр ойымен баурап алатын

4-бет



Захватывающий мир генетики

6-бет

Академиялық екі томдық таныстырылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы» академиялық курсының лекция-диалогы және тұсаукесері өтті.

«Бүгін тағы бір ерекше оқиға – мемлекеттік тілде жарық көрген «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы» академиялық екі томдық курсының тұсауы кесілді. Бұл арнайы курсты мемлекетіміздің Конституциялық Кеңесін басқарған тұлға, ҚазҰУ-дың Директорлар кеңесінің төрағасы, заң ғылымының докторы, профессор Қайрат Мәмидің жетекшілігімен конституциялық құқық саласындағы білікті ғалымдардан құралған авторлар тобы дайындады», – деді университет басшысы.

Шара барысында ҚР Конституциялық сотының төрағасы Эльвира Әзімова қатысушыларды құттықтап сөз сөйледі.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Лекция-диалог ҚР Конституциялық сотының қызметіне, оның мемлекетіміздің құқықтық жүйесін құрудағы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы орны мен маңызына арналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев кіріспе сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған органның әділетті Қазақстан құру жолындағы және заң үстемдігі қағидатын жүзеге асырудағы ерекше рөлін атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Түлектер күні кең ауқымда аталып өтті. Салтанатты жиын Әл-Фараби атындағы Мәңгілік ел қақпасынан басталды. ҚазҰУ түлектерінің әр жылғы буын өкілдері шығыстың ғұлама ғалымы әл-Фараби ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Қалашық төрінде – түлектер



Биыл Қазақ ұлттық университетін 8190 түлек бітіріп шықты. Оның ішінде 6758-і бакалавриатты тамамдады. 1256 түлек үздік

диплом иегері атанса, магистратураны 1774, докторантураны 442 білім алушы бітірді. Университет оқу гранттарының саны бойын-

ша еліміздің жоғары оқу орындары арасында теңдессіз көшбасшы.

Жалғасы 8-бетте

Сеул кибер университетімен серіктестік артады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың Корея Республикасына жұмыс сапары барысында Сеул кибер университеті мен Қазақ ұлттық университеті арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.



Сеул кибер университетінің басшысы Ли Ен Чжомен кездесуде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қызметі мен жетістіктері туралы әңгімелеп, оқу орнының халықаралық ынтымақтастық бағытына тоқталып, шетелдік әріптестермен байланыс артып келе жатқанын атап өтті.

Ректор ынтымақтастыққа қызығушылық білдіре отырып, кибер университеттер – онлайн-оқытуды жүзеге асыратын инновациялық жоғары оқу орындары екенін және бұл перспективалық бағытты дамыту қажет екенін жеткізді.

Сеул кибер университетінің ректоры Ли Ен Чжо қонақтарды 2000 жылы құрылған университет тарихымен таныстырды. ЖОО-да 17 факультет бар, оның ішінде ең танымал бағыттар: машина жасау, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, бизнес және кәсіпкерлік, шет тілдері және де басқалар.

Университет аумағында Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатыл-

Екі университет арасындағы меморандум академиялық ынтымақтастықты дамыту, оқу орындары арасындағы білім беру, мәдени және технологиялық байланыстарды нығайтуға бағытталған.

Келісім шеңберінде академиялық бағдарламалар мен кәсіптік білім берудегі әріптестік, арнайы академиялық және тілдік бағдарламаларды іске асыру, оқытушылар мен студент алмасу, бірлескен зерттеу және кәсіптік қызмет, семинарлар мен академиялық кездесулерге қатысу және басқа да бағыттарды дамыту жоспарланды.

Сапар аясында ҚазҰУ делегациясы кибер университет инфрақұрылымымен танысып, кампус аумағындағы Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Света ӨМІРФАЛИЕВА



Санкт-Петербург ғалымы тәжірибесімен бөлісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің делегациясын қабылдады.



Делегация құрамында Санкт-Петербург политехникалық университетінің цифрлық трансформация жөніндегі проректоры Алексей Боровков және оқу ордасының жетілдірілген технологиялар маркетинг бөлімінің жетекшісі Дмитрий Сачава болды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде: «Мен таяуда Санкт-Петербург политехникалық университетіне арнайы жұмыс сапарымен бардым. Университет ректоры Андрей Рудскиймен кездесіп, бірқатар ортақ мәселелерді талқыладық. Озық білім ордасының инфрақұрылымымен, құрамындағы ғылыми-зерттеу орталықтарымен, жүзеге асып жатқан инновациялық жобалармен таныстым. Алексей Боровков келер

жылы оқу ордасының 125 жылдығы келе жатқанын баяндап, екі оқу ордасы арасында тағымдамадан өту, студент алмасу сияқты тығыз байланыс орнайтынына сенімді екенін жеткізді. Санкт-Петербург политехникалық университетінің проректоры ҚазҰУ-ға сапары барысында білім ордасының оқытушы-профессорлық құрамы мен білім алушыларға арнап «Жетілдірілген цифрлық және өндірістік технологиялар. Ұлттық және федералды жобаларды іске асыру шеңбе-

рінде өнеркәсіппен өзара әрекеттесу моделі» тақырыбында дәріс оқып, тәжірибесімен бөлісті.

Санкт-Петербурдан келген қонақтар ҚазҰУ-дың Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығында, ғылыми-технологиялық паркте болып, ғалымдармен кездесті. Сонымен бірге механика-математика және физика-техникалық факультеттерінің ғылыми-зерттеу зертхана жұмыстарымен танысты.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

«Ислам ынтымақтастығы ұйымы – 15 диалог платформасы» тақырыбында ұйым министрлерінің бірінші кездесуі аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ислам ынтымақтастық ұйымы бас хатшысының ғылым және технология мәселелері жөніндегі орынбасары Асқар Мусиновпен кездесуі өткізді.

Ислам ынтымақтастығы ұйымының орталығы ашылады



Құрметті қонаққа Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалар туралы ақпарат берді. Өз сөзінде ректор Ислам ынтымақтастық ұйымы арқылы ҚазҰУ мен мұсылман елдеріндегі университеттер арасындағы серіктестікті жандандырып, ғылыми бағытта жұмыс атқару қажет екенін жеткізді. Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев университет базасында ғылыми және технологиялар бағытында Ислам ынтымақтастық ұйымының орталығын ашуды ұсынды.

Асқар Мусинов ИЫҰ министрлерінің алғашқы отырысын ҚазҰУ-да өтуіне қолдау білдіргені үшін университет ректорына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Асқар Ахметұлы аталған

бастаманы қолдайтынын айтты.

«Қазақ ұлттық университеті – Қазақстандағы көшбасшы жоғары оқу орны. Біз Ислам ынтымақтастығы ұйымы орталығының ҚазҰУ-да ашылуын қолдаймыз. Алдағы уақытта бұл мәселе бойынша меморандум қабылдаймыз. Халықаралық ұйымға 57 ел мүше. Сонымен қатар 30-дан астам мұсылман әлеміндегі университеттер кіреді. Осы орайда, Қатар, БАӘ және т.б. елдердің өкілдерімен пікірлесіп, ислам университеттері мен ғылыми бағытта жұмыстар атқаруға көмек береміз. ҚазҰУ мамандары Африка елдеріндегі ЖОО-ға IT және робототехника бағытында дәріс оқып, тәжірибе бөлісе деген ұсынысым бар», – деді Асқар Мусинов.



Тұрақты байланыс жалғасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ислам ынтымақтастығы ұйымы жанындағы ғылым-технология жөніндегі тұрақты комитеттің (COMSTech) директоры Мұхаммед Икбалмен кездесіп, әріптестік қатынастарды одан әрі арттыру бойынша пікір алмасты.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы ҚазҰУ мен мұсылман елдеріндегі университеттер арасындағы әріптестікті дамыту қажеттігіне тоқталды.

«Білім ордасы мұсылман әлеміндегі мемлекеттердің жоғары оқу орындарымен серіктестік орнатқан. Дегенмен бұл жұмысты жандандыру қажет. Осы орайда, Ислам ынтымақтастығы ұйымы арқылы мұсылман әлеміндегі жоғары оқу орындарымен серіктестікті жаңа бағытта дамыту маңызды», – деді ректор.

Өз кезегінде Мұхаммед Икбал университет ректорына алғысын білдіріп, аталған бастамаларды қолдайтынын жеткізді. Сонымен қатар құрметті мейман Қазақстанның ұйым қызметіне қосқан елеулі үлесін ерекше атап өтті.

Кездесу қорытындысында тараптар ортақ мәселелерді талқылап, алдағы уақытта атқарылатын ортақ жобаларды тиімді іске асыру үшін тұрақты байланыстарды жалғастыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Біліктілікті арттыру – білімге ұмтылу

IV Еуразиялық мәдени дипломатия мектебінің іс-шаралары аясында «Қазіргі филологиялық білім: құрылымы мен мазмұны» ұстаздар мен гуманитарлық бағыттағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы болып өтті. Бұл шараны Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты, Көптілді білім беру ресурстары орталығы, Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасы, Тіл және жалпы білім беру кафедрасы, «Әлеуметтік лингвистика, аударма теориясы мен тәжірибесі» зертханасы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ұйымдастырды.

Бағдарламада профессор О.Сұлтаняев, ақын Б.Қайырбеков, профессор В.Попова («Дәуір және тұлға» ғылыми-танымдық жобасы аясында), шетел студенттері үшін орыс және қазақ тілдерінен олимпиада, ЖОО оқытушыларына қазақ және орыс тілдерін шет тілі ретінде тәжірибе алмасуы, шеберлік сыныптары дәрістерін ұйымдастыру, сондай-ақ өткізу жолдарына негізделген ғылыми-әдістемелік семинарлар, заманауи филологиялық білім берудің өзекті бағыттары бойынша ғалымдардың баяндамалары, дөңгелек үстелдер өткізілді.

«Әлеуметтік лингвистика, аударма теориясы және практикасы» зертханасының меңгерушісі, Қазақстан орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің қауымдастығы президенті, ф.ғ.д, проф. Э.Сүлейменова «Қазіргі филологиялық білімнің мәселелері және «Әлеуметтік лингвистика, аударма теориясы мен тәжірибесі» зертханасының қызметі тақырыбында баяндама жасады. Қазақстандағы филологиялық білім берудің тарихы және Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жаңғыртуға байланысты негізгі проблемалар және жалпы тілдік жағдай, тілдің мәртебесіне, олардың дамуы мен қызмет етуіне, жекелеген тілдердің қолданылу аясын шектеуге және олардың жойылуы кетуіне қатысты мәселелерге тоқталды.

Элеонора Дүйсенқызы зерт-

хана қызметі туралы өте қызықты материалмен бөлісті. Бұл зертхана 2000 жылы «Қазақ тілі: әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық зерттеулер» оқу-эксперименттік зертханасы ретінде құрылды. 2019 жылы зертхананың атауын «Әлеуметтік лингвистика, аударма теориясы және практикасы» деп өзгертті, онда штаттан тыс ғылыми кеңесшілер, біздің ғалымдардан (Н.Шаймерденова, М.Аймағамбетова) басқа, АҚШ (Д.Дэвидсон, Ж.Смағұлова, Д.Ақанова), Канада (Г.Томсон) ғалымдары болды. Э.Сүлейменова Қазақстандағы тілдердің өзекті мәселелерін әзірлеуде зертхана жұмысына әлемнің 100 елінен белгілі ғалымдар қатысқаны туралы ақпарат берді. Мәселен, ҚР тіл саясатының тілдік жағдайының әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы және терминологиялық сөздіктер дайындалды; еліміздегі қазақ және басқа да тілдердің өміршеңдігі сипатталды; Қазақ тілінің ұлттық корпусы құрылды, орыс және қазақ тілдері бойынша оқулықтар мен оқу құралдары шығарылып, т.б. көптеген істер атқарылғанын атап өтті.

Түркітану және алтайтану ФЗИ директоры, ф.ғ.д., профессор Н.Шаймерденованың «Ғылыми-зерттеу институттары білім беру парадигмаларының өзгеруі жағдайында еліміздің инновациялық дамуының генераторлары ретін-



де» атты баяндамасында білім беру мен оқыту бағдарламаларын қазіргі заман талабына сай түрлендіру мәселелеріне байланысты өзінің ғылыми бақылаулары мен зерттеулерінің негізгі ережелерімен таныстырды. Біріншіден, ғалым білім беру жүйесін өзгертудің тиімді жолдарының бірі – барлық өзекті ғылыми бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу институттарының желісін құруда екенін айтты. Мәселен, қазіргі уақытта 2022 жылы ресми түрде ғылыми-зерттеу университеті мәртебесін алған Қазақ ұлттық университетінің базасында Абай атындағы ФЗИ, Түркітану және алтайтану ФЗИ т.б. ашылып, белсенді жұмыс істеуде. Екіншіден, білім беру парадигмаларының өзгеруі жағдайында, қазіргі заманғы әлеуметтік процестердің (жаһандану, интеграция, ақпараттандыру және т.б.) ғылыми саладағы қазіргі жағдайға елеулі әсері болған кезде, білім беру парадигмаларының кеңінен насихаттауға ғылыми зерттеулердің нәтижелері және коммерцияландыру арқылы ғылыми кеңістікке енгізу қажеттілігі туындайды. Үшіншіден, қазіргі ғылымды дамытудың басым бағыттары: жоғары білім беру жүйесі экономиканың маңызды саласы ретінде; ғылыми білімнің қайнар көзі ретінде; қоғамның

барлық басқа салалары үшін білімді жұмысшыларды даярлаудың негізі ретінде болуы керек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Көптілді білім беру ресурстары орталығының директоры, ф.ғ.д., доцент Ұ.Мұсабекова «Мәдени дипломатияның Еуразиялық мектебі: орыс және қазақ тілдерін шет тілі ретінде оқытудың тарихы мен келешегі» баяндамасында мәдени дипломатияның Еуразиялық мектебі, оның құрылу идеясы, мақсаттары мен міндеттері, жетістіктері туралы толық айтып берді. Сонымен қатар қазіргі заман талабына сай, Қазақстанның көптілді кеңістігі аясында орыс және қазақ тілдерін шетел тілі ретінде оқытудың келешегіне тоқталды.

Нұрсұлу Шаймерденова баяндамалар негізінде мынадай қорытынды жасады:

1. «Әлеуметтік лингвистика, аударма теориясы мен тәжірибесі» зертханасы 2020 жылдан бері жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде жетекші шетелдік және отандық ғалымдардың құнды ғылыми еңбектері, диссертациялар мен монографиялар, диссертациялардың авторефераттары, карта тека және т.б. жинақталды. Зертханада профессорлар тұрақты түрде дәрістер оқиды, ғылыми семинарлар, пікірталастар және

т.б. өткізіп тұрады. Бұл магистранттар мен докторанттарға барлық ғылыми салалар бойынша білікті кеңес беретін орын болып саналады.

2. Түркітану және алтайтану ФЗИ-ы өткен жылы құрылды. Қысқа уақыт ішінде ғылыми-зерттеу институттары қызметінің негізгі бағыттары айқындалды, іс-шаралар жоспары жасалды. Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия және т.б. елдермен республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми байланыстар орнатылып және т.б. көп жұмыс істелді. Ғылыми-зерттеу институтының жұмысын қолдау үшін талантты, бастамашыл жас ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың белсенді қатысуы қажет.

3. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры өте бай және көпшілікке әйгілі. Бұл жер ғылыми зерттеулерге арналған тақырыптарды (мақалалар, рефераттар, диссертациялар) зерттеп-зерделейтін қазына. Салыстырмалы зерттеу жүргізу мүмкіндігін дәлелдейтін бір мысал ретінде қорда Абайдың латын және араб графикасында, ал қазіргі заманда кириллицада берілген бірегей еңбектері бар.

Осылай ұйымдастырылған іс-шаралардың ғылыми мазмұны, танымдылығы, пайдалылығы жоғары болып, оқушылардың шеберлік деңгейінің өсуіне сөзсіз ықпал етеді.

Айнакүл ТҰМАНОВА,
Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Шолпан ҚҰДИЯРОВА,
Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, PhD

Су сапасын жақсарту әдістері ұсынылды

ҚазҰУ-дың Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының студенттері, магистранттары мен оқытушылары сумен жабдықтау және санитария саласындағы экологиялық реттеу және бақылау тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел ұйымдастырып, Дүниежүзілік су ресурстары күнін атап өтті.

Іс-шараның мақсаты – халықтың сапалы ауызсуға қол жеткізу проблемаларын және Қазақстанның барлық өңірлерін сумен жабдықтаудың күрделілігін, Тұрақты дамудың алтыншы мақсаты – таза су және санитарияға қол жеткізу жолдарын талқылау.

Айтулы іс-шараға Алматы қалалық экология және қоршаған орта басқармасы, Балқаш – Алакөл бассейндік инспекциясы және «Қазгидромет» РМК Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалының өкілдері қатысып, еліміздің су ресурстарының қазіргі жай-күйін, суды үнемдеу жүйесі мемлекеттік мекемелердің міндеттерін және өткізілген іс-шаралардың қорытындыларын баяндады. Сондай-

ақ қонақтар студенттермен өз қызметі саласындағы жеке жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Білім алушылар Қазақстанның трансшекаралық су бассейнін пайдалану бойынша Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Қырғызстан және Өзбекстан елдерімен халықаралық суларды бірлесіп пайдалану және қорғау жөнінде келісімдер қабылданғаны жайында ақпарат алды.

Қазіргі таңда ҚР су қорының экологиялық жағдайы маңызды мәселелердің бірі болып тұр. «Қазгидрометтің» мәліметінше, 2022 жылы ластанудың ең жоғары көрсеткіштерін көрсеткен су пайдаланудың барлық түрлеріне жарамсыз 20 су нысаны анық-



талды. Оның ішінде: Катта-бугунь, Тобыл, Абақан, Желқуар, Ақбулақ, Сарыбулақ, Нұра, Ақсу, Талас, Аса, Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра өзендері, Жоғарғы Тобыл, Амангелді, Шортанды, Тасөткел суқоймалары.

ҚР жерүсті су объектілерінің негізгі ластаушылары тұз құрамының негізгі иондары (магний, хлоридтер, кальций, сульфаттар), биогенді және органикалық қосылыстар (аммоний-ион, жалпы фосфор, фосфаттар, жалпы темір), ауыр металдар (кадмий,

марганец, никель, мыс, мырыш), фенолдар және жүзгін заттар болып табылады. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің артуы табиғи-климаттық және антропогендік факторларға, тарихи ластануларға, әртүрлі шаруашылық бағыттағы кәсіпорындар мен коммуналдық кәсіпорындардың сарқынды суларының тегілуіне және т.б. байланысты.

Халықты ауызсумен жабдықтау мәселесіне келетін болсақ, 2022 жылдың қорытындысы бо-

йынша, сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз ету 96 пайызды құрады, оның ішінде қалаларда – 98,1 пайыз, ауылдарда – 93 пайыз.

Семинарға қатысушылар сондай-ақ Гази университеті (Анкара қ., Түркия) инженерлік факультетінің профессоры Осман Нури Өздемирдің онлайн форматтағы баяндамасын тыңдады. Онда түрік ғалымдары әзірлеген су сапасын жақсарту әдістері ұсынылды. Профессор суды тазарту әдістерінің нәтижелерімен бөлісті. Ал қазақстандық Жану проблемалары институтының ғалымдары өз тұтынушыларын көміртекті сорбенттерге негізделген озонатор, сүзгілермен таныстырды.

Іс-шара су тақырыбына арналған викторинамен аяқталды.

Қорлан ХАМИТОВА,
аға оқытушы

Назерке МЫРЗАХАНОВА,
магистрант

Ұстазымыз ұшқыр ойымен баурап алатын

Халықаралық қатынастар факультетінің тұңғыш деканы болған профессор Гүлжауһар Жамбатырова жаңа мамандықты жетілдіру саласында орасан зор еңбек етті. Ол өзінің адами қасиеттерімен қоса, жан-жақты біліктілігін факультеттің қалыптасуы мен нығаюына арнаған еді.



ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Өзінің білімін жетілдіру мақсатында 1988 жылы Берлиндегі Гумбольдт атындағы университетте ғылыми тағылымдамадан өтеді. Сонымен бірге осы жыл ішінде Германия Федеративтік Республикасындағы Гармиш қаласындағы Дж. Маршалл атындағы Қауіпсіздік мәселелерін зерттеу бойынша еуропалық орталықта халықаралық конференцияға қатысып, «Аймақтық тұрақтылық және Орталық Азиядағы қауіпсіздік» атты тақырыпта баяндама жасайды. Бұл ғылыми сапарлар Гүлжауһар Шағатайқызының білімдарлық өрісін биіктете түседі.

«Ұйымдастыра білген ұтады» дегендей, Г.Жамбатырова өзінің еңбекқорлығы мен ұжымдағы беделінің арқасында 1992-93 жылдарда тарих факультетінің сырттай оқу бөлімінің деканы қызметін атқарса, 1993 жылдан 1995 жылдың ортасына дейін тарих факультетінің деканы болды. Дәл осы кезеңде тарих факультетінің ішінде заман талабына сай халықаралық қатынастар саласындағы мамандарды даярлау ісі қолға алына бастаған еді.

1992 жылдың басында профессор Жарас Ибрашевтің тарих факультеті аясында елімізде қазақтың алғашқы халықаралық қатынастар саласындағы мамандарын даярлау туралы ұсынысын қолдағандардың алғашқы шебінде Гүлжауһар Шағатайқызы тұрды. Кейін жаңа мамандық бойынша ашылған топтарда доцент Г.Жамбатырова халықаралық қатынастар тарихы бойынша дәріс беруге құлшына кірісті. Аспирантура кезінде алған білімі мен шетелдік сапарларда жинаған тағылымы жаңа мамандықта дәріс оқуға сайма-сай келді. Дәріс оқу кезіндегі ұшқыр ой түйіндеулері мен мәселені жеткізудегі өзіне тән мәнері студенттерді баурап алатын еді. Сонымен бірге киім киюдегі талғампаздығы оның эстетикалық және ағартушылық қасиеттерін толықтыра түсетін.

Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер қатарының жылдан-жылға арта түсуі енді тарих факультеті шеңберінен шығып, жаңа факультеттің іргесін қалаудың кезеңі жеткені байқалды. Бұл үдерісті бақылауында ұстаған кафедра меңгерушісі, танымал профессор Ж.Ибрашев 1995 жылы факультеттің ашылуына ұйытқы болды. Про-

фессор Ж.Ибрашев өз естеліктерінде жаңа факультеттің деканы ретінде тарих факультетінің деканы Г.Жамбатырованың ұсынылғанын және бұл өте орынды таңдау болғанын айтады. Оң шешімнің нәтижесінде Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің тұңғыш деканы болып Гүлжауһар Жамбатырова тағайындалады. Г.Жамбатырова халықаралық қатынастар факультетінің деканы ретінде қызмет еткен 1995-2001 жылдар аралығында жаңа мамандықтың аяғынан тік тұруына орасан зор еңбек сіңірді.

Г.Жамбатырова өзінің ғылыми зерттеу бағыты бойынша еуропалық интеграцияның мәселелері мен қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектердің, оқу және әдістемелік құралдардың авторы. Ғылым саласында да жас ізденушілерге ғылыми жетекшілік жасауға уақыт таба білді. Гүлжауһар Шағатайқызының ғылыми жетекшілігімен бірқатар жас ғалымдар өз диссертацияларын ойдағыдай қорғады.

Университет, факультет шеңберінде өткізілетін студенттік мәдени шаралардың Г.Жамбатырова нағыз жанкүйері болды. Халықаралық, республикалық және университеттік деңгейде ұйымдастырылатын ғылыми конференциялар, саяси пікірсауыстар сияқты іс-шараларға студенттердің белсенділік танытуын жан-тәнімен құптайтын. Факультеттің «Дипкорпус» КВН тобының университет шеңберінде ғана емес, республикалық деңгейдегі жеңістері Гүлжауһар Шағатайқызының қолдауының арқасында еді. Студенттермен бірге Ыстықкөлде өтетін студенттік шараларға да бірге ілесіп, қастарында жүретін.

Гүлжауһар Шағатайқызы – халықаралық қатынастар мамандығының қалыптасу үдерісінің қайнаған ортасында жүрген, сол ортаның елеулі де қалаулы тұлғасы ретінде танылған, болмыс бітімі жас ұрпаққа ғана емес, замандастарына да үлгі-өнеге боларлық тұлға еді.

Ол үлкенге де, кішіге де нағыз ақылшы дос бола алатын. Қабағына қарап-ақ көңіліндегі кірбінді байқап, әбігерге түсетін. Сондай жаны нәзік сезімтал болғандықтан, бір нәрсені ол кісіден жасырып қалу мүмкін емес-тұғын. Адамның ішкі жан дүниесін түсініп, бірге күліп, бірге жылай алатын жан еді. Осындай адамгершілік қасиеттеріне тәнті болып, еліктей түсетінбіз.

Гүлжауһар Шағатайқызының шәкірттері жыл сайын факультетіміздің табалдырығын аттаған бірінші курс студенттеріне халықаралық қатынастар факультетінің мәні мен маңызын, құрылу тарихын, тұңғыш деканның жаңа мамандық үшін сіңірген еңбектері жайлы насихаттап отырады. Сонымен бірге университетте «Фараби әлемі» шеңберінде жыл сайын «Жамбатырова оқулары» өткізіліп келеді.

Жұртына ізгі мұра қалдырған ұлағатты ұстазымыз, қазақтың біртуар зиялы қызы Гүлжауһар Шағатайқызының бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес, оның жолы – бәрімізге мирас. Ұстазымыз тірі болғанда, 80 жасқа толар еді. Амал қанша...

Амангелді ӘЛІПБАЕВ,
Бақыт БӨЖЕЕВА,
халықаралық қатынастар факультетінің доценттері

ҚазҰУ тарихы бас мұражай қызметкерлерінің және жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ұйымдастыруымен «Әлем музейлері – әлем кереметі» атты Халықаралық мұражай күніне арналған мәдени шара өтті.

Құнды жәдігерге бай мұражай

Мәдени шараның мақсаты – көрерменнің мұражайға деген қызығушылығын арттыру, насихаттау; еліміздің белді оқу орнының терең тарихы мен ғылыми, рухани құндылықтары, мәдени дәстүрімен таныстыру; имиджін нығайту; мұражайдың тәрбиелік мәнін арттыру, келешек ұрпақтың адамгершілік, отансүйгіштік және рухани кемелденуіне ықпал ету; мұражайдың тартымды экспозициялары мен құнды жәдігерлерін дәріптеу, жетік таныстыру және әлем мұражайларымен танысу.

Бұл мәдени шараға университетіміздің ғасырға жуық тарихы мен рухани мұраларына саяхат жасауға жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде әлемнің түкпір-түкпірінен, атап айтсақ: Ауғанстан, Жапония, Корея, Түркия, АҚШ, Иран, Сауд Арабиясы, Қытай, Филиппин, Вьетнам, Моңғолия, Өзбекстан, Түрікменстан т.б. елдерден келген шетелдік тыңдаушылар, сондай-ақ университетіміздің бейіндік мектеп оқушылары қатысты.

Мәдени шараны жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Марат Болысбекұлы ашты. Ол мұражайға келген барша қонақтарға, шетелдік тыңдаушыларға университетіміздің тарихы жайлы баяндап берді. Білім ордасы мұражайына ерекше тоқталып өтті.

Университет мұражайында оқу-білім мен өнерді, шығармашылықты қатар алып жүрген, Жапония елінен келген Куба Масато «Әлем мұражайлары – әлем кереметі» атты презентациясымен таныстырса, Эбина Мисаки қобыз аспабында «Қорқыт сарының» күйін орындап, көрерменді таңғалдырды. Сондай-ақ Корея және Түркия елінен келген Е Хаен, Саглай Сурзан Баки, Алтынбаш Иемен өз елдеріндегі мұражайлар жайлы презентация жасады. ҚазҰУ-дың бейіндік мектеп оқушылары Нұранбек Нұрғиса және Еркебұлан Советбекұлы мұражайға келген барша қонақтарға қазақтың қара домбырасымен композитор Н.Тілендиевтің «Әлқисса», Құрманғазының «Адай» күйін тартып, қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кездесу соңында барша қатысушыларға мұражай басшылығы ізгі ықыласын, жылы лебізін білдірді.

Марат ӘМІРҚАНОВ,
декан орынбасары

Ардақ ЖАБЫҚПАЕВА,
мұражай жетекшісі

Журналистік білім берудің жаңа бағыттары

«Тұрақты даму мақсатында халықаралық журналистиканы оқыту модельдері (МТІЖ)» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция биыл жетінші рет өтті. Халықаралық ұйымдар мен академиялық орта өкілдерінің, жергілікті практик мамандардың пікірлерін тоғыстырып, тәжірибе алмасуға мұрындық болған ғылыми платформаның өзегін инновациялық технологиялар мен өнімдер, мәдениетаралық дискурс және олардың планетамыздағы шиеленісті әрі тұрақсыз жағдайдағы рөлі туралы тақырыптар құрады.



Йын әлемнің түкпір-түкпірінен ғалымдар мен практиктердің қатысуымен өтетін бұл конференцияда журналистік білім беруді жаңғырту модельдері талқыланады.

2015 жылы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары бағдарламасы қабылданғаннан кейін ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы алғашқы конференцияның тұсауын кесті. 2016 жылы сол кездегі ҚР Білім және ғылым министрлігіне жіберілген конференция қарарының нәтижесінде бакалавриатта «Халықаралық журналистика» мамандығы ашылды. Практик мамандар оқу үдерісіне тартылып, кәсіби маман даярлауға байла-

былық мәселелерін жариялау, дау-жанжалға ықпалды журналистика және климаттың өзгеруі тақырыптары бойынша ЮНЕСКО-ның ресурстарына негізделген төрт жаппай ашық онлайн курстарын Орталық Азия елдерінің 19 университетіне арнап әзірлеп іске қосты. Сондай-ақ Орталық Азия аймағында гендерлік құзыреттілікті нығайту жобасын жүзеге асырды.

Қызу ғылыми пікірталасқа Интернет-медиа және коммуникациялық хабар тарату қауымдастығының президенті, «Sonpokta Haber», «Koridor» газеттерінің бас редакторы Сердар Ақжол (Түркия), Түркі дүниесі журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир (Түркия), «Ала-ТОО» халықаралық университетінің (Қырғызстан) журналистика факультетінің деканы Элира Турдалиева, Қ.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетінің деканы Алтын Асанова, Пенза мемлекеттік университетінің (Ресей) доценті Галина Зуева, «Медиахаб» порталының (Армения) журналисі Наре Геворкян және т.б. қатысты. Конференция жұмысы тәжірибелі практик-мамандардың шеберлік сыныптарына ұласты.

Назгүл ШЫҒЫСОВА,
ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі

лыми ортаның экология, климат өзгерісі, гендерлік саясат, көші-қон және т.б. конференцияның күн тәртібінде тұрған жаһандық мәселелерді шешуге ықпал ететін атап өтті.

ҚР СІМ Алматыдағы өкілдігінің Саяси ынтымақтастық басқармасының басшысы Алмаша Аренова қазір қоғамдық пікірді журналистер де, блогерлер де қалыптастыратынын атап өтті. «Күн тәртібінде климаттың өзгеруі, планетаны болашақ ұрпақ үшін сақтап қалу сынды мәселелер бар. Қоғамның бұл туралы білмеуі әбден қынжылтады. ЮНЕСКО еліміздегі экожүйені сақтауға, әсіресе Арал теңізінің қалпына келтіру жөніндегі жобаға белсенді түрде үлес қосуда, бұл туралы халықты ақпараттандыру маңызды», – деді ол сөзін аяқтай келе.


Академиялық орта өкілдері мен ғалымдар сала өкілдерімен бірлесе отырып, оқу үдерісін жаңарту мәселелерін шешуге елеулі ықпал етеді. Сондықтан жыл са-

нысты ұсыныстары білім беру бағдарламаларына енгізіліп келеді. 2016-23 жылдар ішінде конференцияға 122 халықаралық медиа өкілдері, журналистика оқытушылары және БАҚ зерттеушілері, 75 академиялық институт өкілдері (оның ішінде 43-і шетелдік) қатысты.

Кафедрада бірнеше инновациялық халықаралық және ұлттық жобалар іске асты. Соңғы жылдары коммуникацияны дамыту халықаралық бағдарламасының және БҰҰ Әйелдер өкілдігінің, сондай-ақ АҚШ елшілігінің жобалары орындалды. Биылғы оқу жылында кафедра журналистердің қауіпсіздігі, әйелдер мен қыздарға қарсы зорлық-зом-

Пәндік олимпиададан кейінгі ой

«В037 – Филология» білім беру бағдарламасы және «В02305 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша XV республикалық пәндік олимпиада А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақ ұлттық университетінде өтті.



Студенттердің оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру, кәсіби-тұлғалық әлеуетін, шығармашылық қабілетін ашу, өзін-өзі тануға, дарынды студенттерді бағалап, оларға қолдау жасау, филология бағыты бойынша теориялық білімдерін бағалау, білім беру жүйесін жетілдіруде кәсіби қатынас қалыптастыру міндеттерін басшылыққа алған олимпиаданың мақсаты – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша білім алатын студенттердің филологиялық, ғылыми-танымдық білімдерін анықтап, ғылыми әлеуетін тереңдетуге бағыт беру.

Білім мен білік сайысқа түскен бұл жарысқа республикадағы жеті ЖОО-ның «Қазақ филологиясы» мамандығының командалары қатысты. Олар: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемле-

кеттік университеті, Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Төрт кезеңнен тұратын білім додасында ерекше білімімен, ұтқарылығымен көзге түскен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1-орынды, Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университеті 2-орынды, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 3-орынды иеленді.

